

Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн факультетінің, «Жас кадастр маманы» үйірмесінің мүшелері, 2-курс студенттері 2024 жылы 15 ақпан күні Астана қаласында халықаралық ғылыми ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы, Украина Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Әзірбайжан Республикасы, Словения Республикасының білім және ғылым саласының мамандарымен қоса өздерінің ғылыми жұмыстарын «Жер туралы ғылым» бағыты бойынша ұсынды.

Ғылыми конференцияның барлық материалдары жинақ кітапқа енгізілді және үйірменің 49 білім алушыларына арнайы сертификаттар берілді.



Осы тұрғыда ғылыми үйірменің жетекшісі Беристенов Айдарбек Тайниғазыұлының еңбегін атап өткен жөн. Алдағы уақытта да шәкірттеріміз биік тұғырдан көрініп, жетекшілердің еңбегі жемісті бола берсін!

